

Ақ жүректі абзал жан - Кәкім аға



Жерлесіміз,
Қарағаш
ауылының тумасы,
Қазақстан
Республикасының
Денсаулық сақтау
үздігі.
Қазақстанның
еңбек сіңірген
дәрігері, Алматы
облысы, Талғар
ауданының және
Ақмола облысы,
Бурабай ауданының
Құрметті азаматы

Әбілхакім Ақмурзин ағамыздың 80 жасқа толу мерейтойына орай «Ақ жүректі абзал жан» атты кездесу кеші ауылымыздың мәдениет үйінде өтті.

Әбілхакім Ақмағамбетұлы Ақмурзин 1943 жылы туған. Дәрігер, санаторийлік емдеу саласындағы республикаға танымал маман, іскер басшы, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген қызметкері. Жанаарқаның түлегі. Қарағанды мемлекеттік медицина институтын бітірген. 1968-1998 жылдары Жанаарқа ауданы, Қарағаш ауылының ауруханасында бас дәрігер. Алматы облысы, Талғар ауданындағы Мичурин атындағы шаруашылық ауруханасының бас дәрігері. ҚазКСР Ауыл шаруашылығы министрлігінің «Алтын дән» санаторийінің бас дәрігері. «Тұран банкінің» «Ақбұлақ» санаторийінің бас дәрігері. ҚР Президенті Іс басқармасының «Алматы» санаторийінің, 1998 жылдан ҚР Президенті іс басқармасының «Оқжетпес» санаторийінің бас дәрігері.

«Ер азамат екі нәрседен қателеспеуі керек: бірі – мамандық таңдағаннан, екіншісі – өмірлік жар таңдағаннан» деген нақыл сөз бар. Ол өмір бойы елге адал, таза қызмет көрсетіп, жақсылық пен ізгіліктің нұрын шашып, білікті маман, іскер басшы қызметтерін абыроймен атқарды.

Жасынан серілік құрған өнерсүйер Кәкім ағайдың әкесі Ақмағанбет шертпе күйдің шебері болған. Қартайған шағында Қазақстанның халық әншісі Қайрат Байбосыновқа «Қалқаш-Қамқаш» әнін үйреткен.

Әйелі Қолаңшаш Жәмиқызы Кәкім ағайға адал жар болып, қолдау көрсете білді. «Сабыр түбі – сары алтын» дегенді берік ұстап, осы өміріне шүкіршілік етті. Аллаһ оған да жақсылығын аямады, алтын асықтай үш баласы мен немерелерінің жарқын өміріне сеніп, зейнетке шыққаннан кейін Әбекеннің қамқорлығын, жақсылығын көріп бақытқа бөленді.

«Қазақ қай заманда да көненің көзі, асылдың сынығы, тектінің тұяғы сынды ақсақалдарын ардақ тұтып, төбелеріне көтерген. Солардан суыртпақтап сыр тартып, өткенді білмекке, оны келешекке тағлым етпекке ұмтылған». Бұл пікір Кәкім ағамыз туралы «Тағдырлы тұлғалар тағлымы» кітабынан алынған. Авторлары: Өлкетанушы, Халықаралық Жазушылар одағының мүшесі Ж.Ісләмұлы мен өлкетанушы, Қарағаш ауылының тумасы Ж.Оспанов.

Бақыттың биігіне жетеді адам,
Беделді ел ауызында өте баған.
Жігіттің «Оқжетпесі» өзің болдың,
Жырлаған Мағжан атаң, Сәкен ағаң.
Өзің де сұлу Сәкен еліненсің,
Жанаарқа жалпақ дала төріненсің.
Ақ жарқын, адал ниет мінезіңмен,

Басқадан сүйкімдірек көрінесің – деп ақын, халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты Серік Тұрғынбекұлы жырға қосқан. Міне, біз мақтап, еңбегімен еленген, жастарымызға үлгі болатын тұлға – Кәкім ағамыз осындай ел аузында жүрген беделді адамдардың бірі.

Кездесу барысында ағамызға: 40 жылдық дәрігерлік ғұмырыңызда кездескен қиындықтар?(оның ішінде осы ауылдағы оқиғаныз). Аңыз қатты ауырып, қайтыс болғанда «Егер де аман-сау жүрсем дәрігер боламын» деген сертіңіз, «Өмірде екі бақытты адам болса, мен соның бірімін, егер де жалғыз бақытты адам болса, ол - менмін», - деген екенсіз. Сіздің ұғымыңызда бақыт деген не? сұрақтар қойылып, өте тұшымды, мағыналы жауаптар алынды.

Еңбегі еленіп, Кәкім ағамыз «Алаштың ардақты азаматтары» кітабына енді. «Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері» атағын алды. «Құрмет» орденінің иегері атанды. ҚР Денсаулық сақтау ісінің үздігі болды. Дүниежүзілік курортологиясының «Алтын медалімен» марапатталған Қазақстандағы тұңғыш адам екенін зор мақтанышпен айтамыз. Кәкім ағаның 80 жасқа толу мерейтойына орай Жанаарқа ауданының мәдениет үйінде 25 қазан Республика күні мерекесіне арналған салтанатты кешке шақырылып, “Жанаарқа ауданының Құрметті азаматы” төсбелгісімен марапатталды. Кәкім ағаның біздің кітапханамызға тарту еткен құнды сыйлығы «Сенімен болашақ» Республикалық ата-аналар қоғамдық бірлестігінің құрылтайшысы, ұлт жанашыры Нұркен Асановтың бастамасымен 2023 жылы «Алматы» баспасынан басылып шыққан Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының 5 томдық таңдамалы шығармалар жинағы кітап саңдықшасын кітапханашы Ботагөз Бұлқайырова қабылдап алып, ағамыз алғысын білдірді. Кеш соңында ағамызға ауылымыздың әкімі Дулат Бақышев бастаған ауыл ақсақалдары иығына шапан жауып, қаржылай сыйлық табыс етті. Туған жеріне табан тіреп, кіндік қаны тамған жерге келіп, халқының зор қошеметіне бөленген Хакім ағамыздың бал-бұл жанған бақытты жүзін көріп біз де қуандық. Ұзағынан сүйіндірсін! «Осынау тұлпар тектес қалпыңменен, Таң қалтшы дүйім елді жүзге келіп», - деп Серік ағамыздың өлең шумақтарымен Хакім ағамызға ұзақ ғұмыр тіледік. Ауылымыздан шыққан ірі тұлғалардың өнегелі өмір жолын ұрпақ санасына барынша сіңіре беруді мақсат еткен ниетіміздің оңға басқанына риза болған риясыз көңілмен бір-бірімізбен қимай қоштастық. Осындай рухани, тағыллымы мол кездесулер арқылы ұлттық құндылықтарымызды дәріптеп отырсақ, еліміздің ертені жарқын, болашағы айқын болары сөзсіз.

**Жаңыл Бұлқайырқызы Ескараева,
Қарағаш ауылының кітапханашысы**